

Келісім-шарт бойынша әскери қызмет мәселелері жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссияны құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 18 шілде N 974. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.05.13. N 530 қаулысымен.

"Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 20 наурыздағы Заңының 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Келісім-шарт бойынша әскери қызмет мәселелері жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Келісім-шарт бойынша әскери қызмет мәселелері жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссияның құрамы;

2) Келісім-шарт бойынша әскери қызмет мәселелері жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 18 шілдедегі

N 974 қаулысымен

бекітілген

Келісім-шарт бойынша әскери қызмет мәселелері жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссияның құрамы

Тоқпақбаев - Қазақстан Республикасының
Сәт Бесімбайұлы Қорғаныс министрі, төраға

Шаймергенов - Қазақстан Республикасы
Болат Шоқайұлы Республикалық ұланының
кадр және жасақтау
бөлімінің бастығы, хатшы

(келісім бойынша)

Комиссия мүшелері:

Васимов Анатолий Шьяпович	- Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер департаментінің бастығы - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының әскери мәселелер жөніндегі орынбасары
Бекмұханбетов Нұрлан Нұратайұлы (келісім бойынша)	- Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Кадр департаментінің бастығы
Әбдірахманов Есіркеп Оңланбекұлы	- Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Салааралық үйлестіру департаментінің директоры
Әмрин Асқар Кемеңгерұлы департаментінің директоры	- Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Заң
Жұмаділов Асылбек Әнтәйұлы орынбасары	- Бас әскери прокурордың
Тоқышев Қалиәкпар Жұбанышұлы	- Қазақстан Республикасы, Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлері қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасары
Баймаханов Бексұлтан Кәденұлы (келісім бойынша)	- Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі Кадр басқармасының бастығы
Ғабдуллин Берік Ісләмұлы	- Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметін жасақтау басқармасы бастығының орынбасары - ұйымдық-штаттық бөлімінің бастығы
(келісім бойынша)	
Абдолов Айдарбек Мүстәжәпұлы	- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік органдарды қаржыландыру

департаменті Қорғаныс кешені мен
құқық қорғау органдары басқармасы

бастығының орынбасары

Сейдуәлиев

Нұрмұхан Әбілқанұлы

- Қазақстан Республикасының

Республикалық ұланы Заң

қызметінің бастығы

(келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 18 шілдедегі

№ 974 қаулысымен

бекітілген

Келісім-шарт бойынша әскери қызмет мәселелері жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссия туралы ереже

Жалпы ережелер

1. Келісім-шарт бойынша әскери қызмет мәселелері жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) келісім-шарт бойынша әскери қызмет мәселелері жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарын жасақтауға байланысты проблемаларды зерделеу мақсатында, сондай-ақ асақтаудың еріктілік қағидатын дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламалары бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін құрылды.

Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасы Президентінің кесімдері мен Үкіметінің шешімдерін, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

Комиссияның міндеттері

2. Комиссияның міндеттері мыналар бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу болып табылады:

- 1) ерікті түрде әскери қызмет өткеретін азаматтардың көңіл-күйін зерделеу;
- 2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының ішкі өзгерістеріне әскери құрылымдардың бейімделуге әзірлігін болжау (әлеуметтік мәселелерді, нарықтың реформаларға әсер етуінің

к е й б і р м ә н і с т е р і н) ;

3) жоғары білімді азаматтарды келісім-шарт бойынша әскери қызметте сарбаздар мен сержанттар лауазымдарында пайдалану және осыған байланысты азаматтық жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралар институтының қажеттігі туралы мәселені әзірлеу жөніндегі мүмкіндіктерді қарау;

4) Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтаудың келісім-шарттық жүйесіне көшуге кедергі келтіретін мән-жайларды зерделеу және оларды еңсеру;

5) келісім-шарт бойынша әскери қызметті қалыптастырумен және дамытумен байланысты қаржылық және басқа да материалдық шығыстарды бағдарламауды з е р т т е у ;

6) Қарулы Күштердегі және басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы қазіргі келісім-шарттық қызметтің жүйесін жетілдіру;

7) келісім-шарт қызметі құрылымдарының модельдерін және олардың мемлекеттің әлеуметтік құрылымдарындағы қажеттілігін, сондай-ақ тиісті ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Парламентінің қарауына е н г і з у д і н е г і з д е у ;

8) келісім-шарт бойынша әскери қызметшілердің құқықтық мәртебесіндегі нормалар мен ауытқулардың Қарулы Күштердің жалпы жай-күйіне әсерін зерттеу.

Комиссияның құқықтары

3. Комиссия заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне келісім-шарт бойынша әскери қызметті жетілдіру мен дамыту мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) қажет болған жағдайда азаматтарды әскери қызметке келісім-шарт бойынша ерікті түрде қабылдау мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу мен енгізу үшін мүдделі мемлекеттік органдардың мамандарын тарта отырып, жекелеген мәселелер бойынша жұмыс топтарын құру туралы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі алдында өтініш жасауға;

3) Комиссия құзыретіне кіретін мәселелерді шешу үшін ғылыми-зерттеу ұйымдарының, жоғары оқу орындарының ғалымдары мен мамандарын, сондай-ақ Комиссия құрамына кірмейтін мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың өкілдерін тартуға;

4) Комиссия құзыретіне жататын мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардан қажетті ақпараттар сұратуға;

5) Комиссияның қарауындағы мәселелер бойынша Комиссия мүшелерінің мәжілістерінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың жауапты өкілдерін

т ы ң д а у ғ а ;

б) Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген тәртіппен Комиссия құрамын өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

Комиссия қызметін ұйымдастыру

4. Комиссияны төраға басқарады.

Комиссия мәжілісінің күн тәртібі жөніндегі ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдар дайындауды және оны өткізгеннен кейін хаттаманы ресімдеуді Комиссия хатшысы жүзеге асырады.

Комиссия мәжілісі қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде тоқсанына бір рет жүргізіледі.

Мәжілістің күн тәртібін, сондай-ақ оларды өткізу орны мен уақытын Комиссия мүшелерінің келісімі бойынша Комиссия төрағасы айқындайды және нақтылайды.

Комиссия шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер оларға Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі берілсе, ол қабылданды деп саналады. Дауыс тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп саналады. Комиссия шешімдері хаттамамен ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

Комиссияның қызметін тоқтату

5. Комиссияның қызметін тоқтату заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.